

**"Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу"  
" 33 бухгалтерлік есеп стандартын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 10 қарашадағы N 140 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 13 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3270. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 108 Қаулысымен.

**Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының 2011.08.26 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Уәкілетті органның лицензиясы негізінде брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда бухгалтерлік есепті жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұсынылып отырған "Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу" 33 бухгалтерлік есеп стандарты бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа **енгізіледі**.

3. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны алған күннен бастап үш күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ.Абдулинаға жүктелсін.

Төрағасы

" К Е Л І С І Л Д І "  
Қ а з а қ с т а н        Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Қ а р ж ы                м и н и с т р і

-----  
2004 жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
Қ а з а қ с т а н                Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Ұ л т т ы қ                Б а н к і                Б а с қ а р м а с ы н ы ң  
2 0 0 4                ж ы л ғ ы                1 0                қ а р а ш а д а ғ ы  
N 140 қаулысымен бекітілген

**"Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы  
ақпаратты есепке алу және ашу" 33 бухгалтерлік  
есеп стандарты 1-тарау. Мақсаты және қолданылу аясы**

1. Осы Стандарт «Бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3870 тіркелген «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2005 жылғы 27 тамыздағы № 317 қаулысына сәйкес әзірленді және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы негізінде брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның (бұдан әрі – брокер) қаржылық есеп жасаған кезде қолдануына а р н а л ғ а н .

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.03.29 N 21 Бұйрығымен.**

2. Осы Стандарттың мақсаты брокерлік қызмет бойынша бухгалтерлік есеп жүргізудің және қаржылық есеп беруде ашуға жататын ақпарат берудің ерекшеліктерін айқындау болып табылады.

3. Осы Стандарт қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарымен реттелмеген және оларға қайшы келмейтін мәселелерді қарастырады.

4. Осы Стандарт брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктерге қолданылмайды.

5. Брокер меншік қаражатының портфелі бойынша есеп жүргізу және есеп беруді жасау үшін қаржылық есеп берудің тиісті халықаралық стандарттарын қолданады.

## **2-тарау. Осы Стандартта пайдаланылатын ұғымдар**

6. Клиенттерге тиесілі активтер портфелі - клиенттің тапсырмасы бойынша, есебінен және мүддесіне брокер алған, брокерге тиесілі емес ақша, бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары.

7. Брокердің меншік қаражатының портфелі - брокердің өз мүддесіне және меншік қаражаты есебінен алған ақшасы, бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары.

8. Брокердің комиссиялық кірістері (шығыстары) - брокердің брокерлік қызмет бойынша қызмет көрсетуден алатын (шеккен) сыйақысы (шығыстары).

## **3-тарау. Есепке алу және бастапқы тану**

9. Брокер клиенттерге тиесілі бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен жасалған мәмілелердің есебін баланстық шоттарда көрсетпей-ақ қосалқы есепте жүргізеді. Брокердің атына ашылған шотқа есептелген клиенттің ақшасы брокерде баланстық шоттарда, өзге жағдайларда баланстық шоттарда көрсетілместен есепке алынады.

Клиенттерден алынған ақшаны брокердің бухгалтерлік балансына қосу туралы шешім бұл ақшаның «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 1-тармағында келтірілген активтің анықтамасына сәйкес келуіне байланысты.

Кәсіпорынға активпен байланысты болашақ экономикалық пайда түсуінің күтілуін не күтілмеуін белгілеу активтің бар екендігін айқындауға негіз болып т а б ы л а д ы .

Клиенттердің ақшасын бухгалтерлік балансқа қосу туралы шешімді қабылдау кезінде брокер мен клиент арасындағы шарт талаптарын бағалау қажет.

Егер брокер клиенттің агенті ретінде ғана болса және мәміленің нәтижесімен байланысты пайда алмайтын болса, ол клиенттен алынған ақшаны өзінің бухгалтерлік балансында активтер ретінде танымайды.

Егер клиентпен жасалған келісімнің талаптары бойынша брокердің мәміленің нәтижесімен байланысты белгілі бір экономикалық пайдасы немесе қарастырылатын ақшаны брокер үшін әлеуеті қолайлы талаптармен басқа экономикалық активтерге ауыстыру мүмкіндігі болса, онда ол клиенттерден алынған ақшаны меншікті бухгалтерлік балансында меншікті активтері ретінде т а н и д ы .

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.03.29 N 21 Бұйрығымен.

10. Брокерлік қызмет көрсетуге байланысты және клиенттің өтеуіне жататын брокердің шеккен шығындары клиент оларды толық өтегенге дейін дебиторлық берешектің баланстық шоттарында көрсетіледі.

#### **4-тарау. Брокерлік қызмет көрсету бойынша қызмет көрсету кірістері (шығыстары)**

11. Брокерлік қызмет көрсету бойынша қызмет көрсету кірістері (шығыстары) болып комиссиялық кірістер (шығыстар) танылады. Мұндай кірістер (шығыстар) брокердің меншік қаражатының портфеліндегі баланстық шоттарда және қаржылық есепте көрсетіледі.

#### **5-тарау. Ақпаратты ашу**

12. Қаржылық есепте брокерлік қызмет көрсету бойынша қызмет көрсеткен кезде мынадай ақпарат ашылады, алайда онымен шектелмейді:

- 1) брокер қызмет көрсететін клиенттердің саны;
- 2) клиенттерге тиесілі активтер портфелі, қаржы құралдарының түрлері бойынша сомамен көрсеткенде;
- 3) клиенттерге тиесілі активтер портфелінің брокердің меншік қаражаты портфеліне сомамен көрсеткендегі қатынасы;
- 4) брокерлік қызмет көрсету бойынша қызмет көрсетуден туындаған міндеттемелер;
- 5) брокерлік қызмет көрсету бойынша қызмет көрсетуден кірістер және шығыстар.

#### **6-тарау. Қорытынды ережелер**

13. Осы Стандартпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешілуге жатады.